

2015 жылғы 1 тоқсанға арналған кедейлік шегін анықтау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2014 жылғы 15 желтоқсандағы № 326 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 25 желтоқсанда № 10016 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 13 наурыздағы № 131 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 13.03.2015 № 131 (2015 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 8 сәуірдегі № 537 қаулысымен бекітілген Кедейлік шегін анықтау тәртібінің 4-тармағына сәйкес атаулы әлеуметтік көмектің мөлшерін анықтау үшін Қазақстан Республикасының күнкөрісі төмен азаматтарына әлеуметтік көмек көрсету критерийін белгілеу
мақсатында

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қазақстан Республикасы бойынша 2015 жылғы 1 тоқсанға кедейлік шегі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі өткен тоқсанға есептеген ең төменгі күнкөріс деңгейінің 40 пайызы мөлшерінде белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің «2014 жылғы 4 тоқсанға арналған кедейлік шегін анықтау туралы» 2014 жылғы 11 қыркүйектегі № 73 бұйрығының (Нормативтік-құқықтық актілерді тіркеудің мемлекеттік тізілімінде № 9745 тіркелген және 2014 жылғы 1 қазандағы № 191 (27812) «Қазақстанская правда» газетінде, 2014 жылғы 1 қазандағы № 191 (28414) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған) күші
ж о й ы л д ы **д е п** **т а н ы л с ы н .**

3. Әлеуметтік көмек департаменті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде
м е м л е к е т т і к **т і р к е л у і н ;**

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға
ж і б е р і л у і н ;

3) осы бұйрықты облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жұмыспен

қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармаларының назарына
жеткізуді қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі С.Қ. Жақыповаға
жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Т. Дүйсенова